

## Сыйақы

**GRI 2-19**

Компания Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен тәртібі Жалғыз Акционердің шешімімен айқындалады, ал сыйақы мөлшері, Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сыйақыларын төлеу тәртібі мен шарттары «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметі мен сыйақысын бағалау қағидаларына сәйкес айқындалады.

### Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық тіркелген сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына шығуға байланысты Тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі.

2023 жылы тәуелсіз директорларға сыйақы 38 084 964, 65 теңгені құрады. Тәуелсіз директорлар — Директорлар кеңесінің мүшелері 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша үш адамды құрайды. Басқа төлемдер жоқ.

### Басқарма мүшелерінің сыйақысы

Басқармаға сыйақы төлеу «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларына сәйкес шарттармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

Бағалау ережелері келесі принциптерге негізделген.

Правила оценки основываются принципах:

- Сыйақының компания мен оның акционерінің мүдделеріне сай келетін міндеттерді орындаумен өзара байланысы;
- Сыйақы мөлшерін айқындау қағидаларының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- Сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған тиімділікке қол жеткізу болып табылады.

Негізгі басшы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйлықақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйақыларын білдіреді.

2023 жылы негізгі басшы персоналдың сыйақысы 358 800,76 мың теңгені құрады. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компанияның негізгі басқару персоналы — бес адам.

## Бағалы қағаздар

### Акционерлік капитал

Компания қызметінің қорытындысы бойынша 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны 8 602 187 данаға жетті, оның ішінде орналастырылған — 6 311 967 дана.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жай акцияның номиналды құны 10 000 теңгені құрады.



**Самұрық-Энерго» АҚ акционерлік капиталы**

Көрсеткіш	2021	2022	2023
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі жылдық пайда, мың теңге	15 046 311	30 867 497	43 080 300
Айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны, дана	5 601 812	5 602 741	5 849 013
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектей отырып)	2 686	5 509	7 365

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (ҚББ) Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте ҚББ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

2023 жылғы 31 желтоқсанға шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының басшылығымен есептелген бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны 100,850 теңгені құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 93,987 теңге).

**Бір акцияның баланстық құны, мың теңге**

Көрсеткіш	2021	2022	2023
Барлық активтер	939,820,011	965,846,026	1,088,095,831
Минус: материалдық емес активтер	(4,165,145)	(3,726,203)	(3,414,467)
Минус: барлық міндеттемелер	(437,179,560)	(432,732,405)	(448,121,136)
Қарапайым акцияларға арналған Таза активтер	498,475,306	529,387,418	636,560,228
31 желтоқсандағы жай акциялар саны	5,601,812	5,632,537	6,311,967
Бір акцияның баланстық құны, теңге	88,985	93,987	100,850

**Дивидендтік саясат**

Біздің дивидендтік саясатымыз жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, ұзақ мерзімді құнды ұлғайту, дивидендтер мөлшерін анықтау механизмінің ашықтығы және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету принциптеріне негізделген.

Дивидендтер мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының, сондай-ақ халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған жылдық аудиттел-

ген қаржылық есептілікте көрсетілген компанияның таза табысының сомасына сүйене отырып жүргізіледі.

Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі жалғыз акционердің қарауына ұйымның өткен қаржы жылындағы таза кірісін және бір жай акцияға шаққандағы бір жылдағы дивиденд мөлшерін бөлу туралы ұсыныстар береді.

Дивидендтер Жалғыз Акционердің шешімімен белгіленген мерзімде төленеді.

**Дивидендтер төлеу, млрд теңге**

Кезең	Сомасы
2023 ж. (2022 ж. нәтижелері бойынша)	2,041
2022 ж. (2021 ж. нәтижелері бойынша)	2,041
2021 ж. (2020 ж. нәтижелері бойынша)	3,142